

Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 123 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда № 3079 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 27.04.2023 №70 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 27.04.2023 №70 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 27.04.2023 №70 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он құнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Нұралievке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

K. Көкrekbaev

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облыстық

мәслихатының хатшысы

Б.Қарашолақов

" " 2016 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің

2016 жылғы "11" сәуірдегі

№123 қаулысымен бекітілген

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 27.04.2023 №70 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Денсаулық сақтау саласында:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары (басшының экономикалық, қаржылық және әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша орынбасарынан басқа);

2) бөлімше, бөлім, станция, бөлімше (бөлім) секторы, филиал, орталық басшысы;

3) зертхана басшысы және басшының орынбасары;

4) дәріхана менгерушісі;

5) зертхана менгерушісі;

6) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

7) провизор;

8) барлық атаудағы медициналық мейіргер;

9) мамандандырылған медициналық мейіргер;

10) акушер;

11) диеталық мейіргер;

12) тіс дәрігері;

13) тіс технигі;

14) барлық атаудағы медициналық зертханашы;

15) рентгензертханашы;

- 16) фармацевт;
- 17) барлық атаудағы фельдшер;
- 18) барлық атаудағы мамандардың асистенті (көмекшісі);
- 19) медициналық мейіргер көмекшісі;
- 20) медициналық тіркеуші;
- 21) емдік дene шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;
- 22) еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы;
- 23) психолог;
- 24) медициналық тәрбиеші;
- 25) дәрігер-әдіскер;
- 26) әлеуметтік қызметкер;
- 27) оңалту жөніндегі нұсқаушы.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары (басшының экономикалық, қаржылық және әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша орынбасарынан басқа), мансап орталығының, стационарлық, жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның, уақытша болу ұйымының және үйде қызмет көрсету ұйымының директоры (басшысы);

- 2) мансап орталығының сектор басшысы;
- 3) ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі (басшысы) және менгерушінің орынбасары (басшының орынбасары);
- 4) медициналық бөлімше менгерушісі;
- 5) барлық мамандықтағы дәрігерлер;
- 6) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
- 7) жұзу жөніндегі нұсқаушы;
- 8) еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы;
- 9) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

10) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты;

- 11) медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері;
- 12) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 13) мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің маманы;
- 13-1) мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшісі;
- 13-2) иппотерапия жөніндегі нұсқаушы;
- 14) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 15) рaitтерапия (иппотерапия) жөніндегі нұсқаушы-әдіскер;
- 16) әлеуметтік жұмыс жөніндегі асистент;

- 17) мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы);
- 18) музыкалық жетекші;
- 19) медициналық мейіргер;
- 20) емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;
- 21) фельдшер;
- 22) диеталық мейіргер;
- 23) фармацевт;
- 24) акушер;
- 25) зертханаши (медициналық);
- 26) провизор (фармацевт);
- 27) тәрбиеші;
- 28) логопед;
- 29) психолог;
- 30) дефектолог;
- 31) кітапханаши.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Жамбыл облысы әкімдігінің 19.11.2024 № 275 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Білім беру саласында:

- 1) директор, директордың орынбасары (директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасарынан басқа);
- 2) мектепке дейінгі ұйымның менгерушісі;
- 3) психология-педагогикалық түзету кабинетінің менгерушісі;
- 4) лагерь бастығы;
- 5) әдістемелік кабинеттің менгерушісі;
- 6) филиал менгерушісі;
- 7) оку шеберханасының менгерушісі;
- 8) консультациялық пункттің менгерушісі;
- 9) бөлімше менгерушісі;
- 10) интернат менгерушісі;
- 11) бөлім менгерушісі (кадрлар бөлімінің менгерушісінен басқа), кітапхана менгерушісі;
- 12) оку бөлімінің менгерушісі;
- 13) барлық мамандықтағы мұғалімдер мен оқытушылар;
- 14) психолог-педагог;
- 15) сурдопедагог;
- 16) логопед;
- 17) дефектолог;
- 18) тифлопедагог;

- 19) әлеуметтік педагог;
- 20) әдіскер;
- 21) аға тәрбиеші;
- 22) тәрбиеші;
- 23) музыкалық жетекші;
- 24) ұйымдастырушы-педагог;
- 25) қосымша білім беретін педагог;
- 26) (емдік) дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;
- 27) аға жетекші;
- 28) жетекші;
- 29) аға шебер;
- 30) өндірістік оқыту шебері;
- 31) көркемдік жетекші;
- 32) еңбек жөніндегі нұсқаушы;
- 33) жаттықтырушы-оқытушы;
- 34) туризм жөніндегі нұсқаушы;
- 35) барлық мамандықтағы дәрігерлер;
- 36) медициналық мейіргер;
- 37) диеталық мейіргер;
- 38) орта медициналық қызметкерлер;
- 39) кітапханашы;
- 40) суретші;
- 41) балетмейстер;
- 42) хормейстер;
- 43) дирижер;
- 44) сүйемелдеуші;
- 45) хореограф.

4. Спорт саласында:

- 1) қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары (басшының әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша орынбасарынан басқа);
- 2) нұсқаушы;
- 3) әдіскер;
- 4) жаттықтырушы;
- 5) бас жаттықтырушы;
- 6) дәрігер;
- 7) медициналық мейіргер.

5. Мәдениет саласында:

- 1) мәдениеттің, архивтердің коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары (басшының шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарынан басқа);
- 2) көркемдік жетекші;
- 3) бас: әкімші, қор сақтаушы, редактор, режиссер, балетмейстер, дирижер, хормейстер, суретші;
- 4) менгеруші (басшы): көркемдік қойылым бөлімі, әдебиет бөлімі, архив қоймасы, кітапхана, клуб, тігін цехы, филиал, труппа, кабинет, бөлім, бөлімше, топ, сектор;
- 5) кітапханашы;
- 6) библиограф;
- 7) бас маман-дерекқор әкімшісі;
- 8) ғылыми-технологиялық ақпарат жөніндегі инженер;
- 9) инженер-жүйе техникі;
- 10) инженер-бағдарламашы;
- 11) инженер-тифлотехник;
- 12) редактор тифлолог;
- 13) тифлопедагог;
- 14) барлық атаудағы редактор;
- 15) барлық атаудағы әдіскер;
- 16) тұптеуші;
- 17) мұрағат және кітапхана материалдарын қалпына келтіруші;
- 18) жүйе әкімшісі;
- 19) бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі маман (бағдарламашы);
- 20) менеджер (концерттер мен лекциялар ұйымдастырушы);
- 21) маман-бағдарламаларды әзірлеуші;
- 22) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);
- 23) сүйемелдеуші;
- 24) сүйемелдеуші (концертмейстер);
- 25) музика өндеуші;
- 26) ұжым (үйірме) жетекшісі;
- 27) музикалық жетекші;
- 28) қоюшы суретші;
- 29) диск-жокей;
- 30) маман (кітапхана және мәдени-демалыс қызметі жөніндегі);
- 31) хореограф;
- 32) хормейстер;
- 33) балетмейстер;
- 34) қоюшы-балетмейстер;
- 35) студия жетекшісі;

- 36) әкімші (негізгі қызметтер);
- 37) барлық атаудағы әртістер;
- 38) режиссер ассистенті;
- 39) арт-менеджер;
- 40) дирижер;
- 41) барлық атаудағы режиссер;
- 42) тарихшы (негізгі қызметтер);
- 43) музыкатанушы-лектор;
- 44) шебер (негізгі қызметтер);
- 45) редактор (негізгі қызметтер);
- 46) вокал жөніндегі репетитор;
- 47) саҳналық қымыл бойынша репетитор;
- 48) қор сақтаушы;
- 49) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер),
- 50) сарапшы;
- 51) архивист;
- 52) археограф;
- 53) палеограф;
- 54) музейлер қорын есепке алу архивисті,
- 55) ескерткіштерді есепке алу және қорғау жөніндегі маман;
- 56) аға ғылыми қызметкер;
- 57) ғылыми қызметкер;
- 58) кіші ғылыми қызметкер;
- 59) бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаушы;
- 60) экскурсия жүргізуші;
- 61) өнертанушы;
- 62) экспозициялар мен көрмелерді ұйымдастыру жөніндегі маман;
- 63) киномеханик;
- 64) кинофильмдер прокатын тексеруші;
- 65) кинотанушы;
- 66) бейнеказу операторы;
- 67) фильм материалдарын қалпына келтіруші.

6. Ветеринария саласында:

мамандар: ветеринариялық дәрігер; ветеринариялық фельдшер.

7. Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында:

- 1) орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (директоры) және басшының орынбасары (директордың орынбасары);
- 2) орман күзету және қорғау бас инженері (табиғи кешендерді күзету және қорғау бас инженері);

- 3) ормандарды қалпына келтіру бас инженері (ормандарды молықтыру және орман өсіру бас инженері)
- 4) бас орман күтуші;
- 5) тұқымбақ басшысы;
- 6) екінші-ұлгідегі орман өрт сөндіру станциясының басшысы;
- 7) бас орман күтушінің орынбасары;
- 8) инженер-орман патологы;
- 9) орман шикізаты ресурстары жөніндегі инженер (орман пайдалану жөніндегі инженер);
- 10) орман шебері (учаскелік);
- 11) орманшы (инспектор);
- 12) аңшылықтанушы;
- 13) бас есепші;
- 14) есепші;
- 15) экономист;
- 16) зангер (кеңесші);
- 17) кадр бойынша инспектор;
- 18) программист;
- 19) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженер;
- 20) өндірістік цехтың менгерушісі;
- 21) механик;
- 22) референт;
- 23) хатшы;
- 24) техникалық орындаушылар;
- 25) өрт сөндіруші;
- 26) жүргізуші;
- 27) тракторист;
- 28) тракторист-машинист;
- 29) радиооператор;
- 30) диспетчер.